

**«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ
Басқарма отырысының № 15 хаттамасы**

Қатысқандар: 7. Басқарма мүшесінің 4, Шақырылғандар-3
Отырыстың өткізілген күні мен уақыты: 13.08. 2026ж. сағат 12.00.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2026-2027 оқу жылына арналған «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ ұйымдық құрылымының жобасын қарастыру.

2. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ-ның штаттық кестесіне өзгерістер енгізу және бекіту туралы (Экономика және қаржы департаментінің директоры Н.Ж.Уразбаев).

3. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КЕАҚ-ның «Жылжымайтын мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алу/қосалқы жалға алу) беру ережесінің» 12-бөлімі «Белгіленген жағдайда объектілерді мүліктік жалға (жалдауға) беру», 87-тармағының, 7-тармақшасына сәйкес, жалға алушының инвестициялық міндеттемелері бар жобалар (жөндеу/қайта құру/жабдықтар) бойынша жалға алушылардың өтінімдерін қарау және олардың арасынан жалға алушыны айқындау туралы (Экономика және жоспарлау бөлімінің басшысы А.Ш.Шыңғысбаев).

4. Университеттің №5 оқу ғимаратында орналасқан «Көмір қоймасы» ғимаратының алдындағы аумақты абаттандыру мақсатында, көлемі 850 м² болатын аумақты мемлекеттік сатып алу жоспарына енгізіп, асфальт төсеу туралы (Инфрақұрылымдық даму департаментінің директоры Г.К.Утегенов).